

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ АРНАЛҒАН ШАРТ (ЖАРИЯ ОФЕРТА)

Медициналық қызметтер көрсетуге арналған осы Шарт жария оферта шарты болып табылады және Астана қаласы әкімдігінің ШЖҚ «№13 Қалалық емхана» МКК, бұдан әрі «Емхана» деп аталатын, Жарғы негізінде әрекет ететін директор Ажетова Жанерке Рахимбаевна тұлғасында бірінші тараптың, және Емделуші, емделушінің мүддесі үшін әрекет ететін заңды өкіл, бұдан әрі «Емделуші» деп аталатын екінші тараптың арасындағы қатынастарды реттейді. Бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» немесе жоғарыда көрсетілгендей аталады.

Осы Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-бабына сәйкес Емделушімен толық көлемде, ешқандай шартсыз, алып тастауларсыз және ескертулерсіз қабылдануға тиіс. Осы шарттың талаптары барлық Емделушілер/Емделушілердің өкілдері үшін бірдей болып табылады.

Шарт жасасу және осы Шарттың талаптарын толық және сөзсіз келісу (қабылдау) туралы куәлік Емделушінің/Емделуші өкілінің шарт талаптарының бірін орындау жөніндегі іс-қимылдарды жүзеге асыру сәті болып табылады, атап айтқанда:

- тіркеу орны, Емхананың call-орталығы, «DamuMed» мобильдік қосымшасы немесе «EGOV» порталы арқылы дәрігердің қабылдауына жазылуды жүзеге асыру;
- Емханаларда медициналық қызметтерді нақты алу.

1. Шарттың Мәні

1.1. Осы Шартқа сәйкес Емхана Емделушіге (емделушінің мүддесі үшін әрекет ететін заңды өкілге) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсетеді. Медициналық қызметтер Емхананың лицензиясына сәйкес оның қызмет бейіні бойынша көрсетіледі.

1.2. Медициналық қызметтер мына мекенжайлар бойынша көрсетіледі: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 11/2 ғимарат, Абылай хан даңғылы, 1 ғимарат, А. Иманов көшесі, №44 үй, 5 тұрғын емес үй-жай, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, 2Б үй, 1 және 3 тұрғын емес үй-жайлар.

1.3. Кәметке толмағандарға медициналық қызметтер тек олардың заңды өкілдерінің немесе нотариатта куәландырылған тиісті сенімхат негізінде әрекет ететін өзге де уәкілетті тұлғалардың қатысуымен көрсетіледі.

2. Қызмет көрсету ережелері мен шарттары

2.1. Осы Шарт бойынша медициналық қызметтерді көрсету Емхананың жұмыс күндері мен сағаттарында жүзеге асырылады. Бұл ақпарат Емхананың сайтында орналастырылған немесе Емхананың тіркеу бөлімінің телефоны арқылы алынуы мүмкін.

2.2. Медициналық қызметтер Емхананың call-орталығының телефоны арқылы, және/немесе «DamuMed» мобильді қосымшасы арқылы, және/немесе «EGOV» порталы арқылы, және/немесе Емхананың тіркеу бөлімінде алдын ала жазылу бойынша көрсетіледі.

2.3. Емделуші Емхана жүргізетін емнің нәтижесіне толық кепілдік берілмейтіндігімен келіседі, себебі қызмет көрсету барысында және одан кейін, жақын әрі ұзақ мерзімді кезеңдерде әртүрлі өзгерістер мен асқынулар туындауы мүмкін. Сондай-ақ емделуші медициналық көмектің қолданылатын технологиясы адам ағзасының биологиялық ерекшеліктеріне байланысты жанама әсерлер мен асқынулардың пайда болу ықтималдығын әрдайым толықтай жоққа шығара алмайтындығымен келіседі.

2.4. Емхананың дәрігерлерінің қабылдау ұзақтығы дәрігердің мамандануына және қабылдау түріне (алғашқы/қайталама, қабылдау/тексеру, басқа қызметтер) байланысты.

- Емделушілерді дәрігерлердің қабылдауы Емханамен бекітілген кестеге сәйкес жүргізеді. Дәрігерлердің жұмыс кестелері әртүрлі болуы мүмкін. Қабылдау ұзақтығы 15 (он бес) минуттан 1,5 (бір жарым) сағатқа дейін созылуы мүмкін.

- Ауыр халдегі басқа Емделушілер шұғыл медициналық көмек көрсету қажеттілігі туындаған жағдайда, қабылдау уақыты өзгеруі мүмкін.

- Емделуші белгіленген уақыттан 15 (он бес) минутқа немесе одан көп кешіккен жағдайда, алдын ала жазылғанына қарамастан, Емхана қабылдау уақытын қысқартуға немесе қызмет көрсетуден бас тартуға құқылы. Алдын ала жазылу алдыңғы емделушіге медициналық көмекті аяқтау қажеттілігіне байланысты кейінірек уақытқа ауыстырылуы мүмкін, бірақ 40 (қырық) минуттан аспауға тиіс. Егер бұл жағдайы ауыр науқасты қабылдау немесе респираторлық жолмен берілетін жұқпалы аурумен ауыратын емделушімен басқа емделушілердің байланысын азайту үшін қажет болса, Емхана алдын ала жазылу болғанның өзінде емделушілерді қабылдау кезектілігін өзгертуге құқылы. Дәрігердің денсаулық жағдайына байланысты қабылдау тоқтатылған жағдайда, Емхана осы дәрігерге жазылған емделушілерді жедел түрде хабардар етеді, бұл ретте Емхана дәрігерді ауыстыруға міндетті емес.

2.5. Емделуші емханаға инфекциялық аурумен жүгінген және инфекциялық аурудың бастапқы диагнозы немесе оған күдік қойылған жағдайда, Емделуші емхананың қалауы бойынша мамандандырылған медициналық мекемеге жіберілуі мүмкін.

2.6. Емделуші дәрігер қабылдауына белгіленген уақыттан кемінде он минут бұрын келуге және медициналық құжаттарды рәсімдеу үшін жеке басын куәландыратын құжатты өзімен бірге алып жүруге міндеттенеді.

2.7. Келісілген уақытта қабылдауға келе алмайтын жағдайда, Емделуші бұл туралы Емхананы телефон арқылы мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ кемінде 24 (жиырма төрт) сағат бұрын хабардар етуге міндеттенеді.

2.8. Емделуші дәрігер кабинетіне тек оның шақыруымен кіреді. Басқа Емделушіні қабылдау кезінде дәрігер кабинетіне шақырусыз кіруге тыйым салынады.

2.9. Эпидемиялар кезінде (ЖРВИ және басқа да аурулар) әлеуметтік арақашықтықты сақтау, жеке қорғаныс құралдарын: респираторлық инфекциялардан қорғайтын дәке немесе өзге де таңғыштарды пайдалану ұсынылады.

2.10. Осы Шартта және Емхананың ішкі құжаттарында көрсетілген мінез-құлық қағидаларын сақтамаған жағдайда, Емделушіге медициналық қызмет көрсетуден бас тартылуы мүмкін.

2.11. Емханада Емделушілердің, келушілердің және Емхана қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, туындайтын даулы жағдайларды шешу және өзге де заңды мақсаттар үшін дәліздерде, ресепшн аймағында және басқа да ортақ аймақтарда бейнебақылау жүргізіледі.

2.12. Емделушінің денсаулық жағдайы туралы диагноз, ағзасының жай-күйі, емдеу және алдын алу бойынша ұсынымдар мен тағайындаулар қамтылған медициналық қорытындылар, егер олар Емделушіге медициналық персоналдың жұмыс уақытында берілген болса, Емхананың меншігі болып табылады.

Емделуші осы медициналық қорытындыларды басқа медициналық ұйымдардың медицина қызметкерлерінен медициналық көмек алу мақсатында ұсынуға құқылы. Осы Шартқа сәйкес, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Емделушіге немесе өзге тұлғаларға Емхананың келісімінсіз Емделушінің медициналық қорытындыларын бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік медиада және желілік байланыс қызметтерінде жариялауға, сондай-ақ үшінші тұлғаларға көрсетуге тыйым салынады.

3. Тараптардың міндеттері

Емхана міндетті:

1. Ауруларды диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес медициналық қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету; аталған нозологиялар бойынша клиникалық хаттамалар болмаған жағдайда – медициналық көрсеткіштерге сай жалпы қабылданған тәсілдер мен дәлелді медицина базасына сәйкес әрекет ету;

2. Емделушінің ем нәтижесіне барынша қанағаттануын қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қабылдау;

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шарттарда медициналық қызметкер құпиясының сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету;

4. Дәрігерлік құпия және дербес деректер туралы заңнамаға сәйкес Емделушінің денсаулық жағдайының құпиялылығын сақтау;

5. Емделушіге нақты қызмет түрін көрсету кезінде қарсы көрсетілімдер мен ықтимал жағымсыз салдарлар туралы ақпарат беру;

6. Емделушіге/Емделушінің өкіліне Емхананың орналасқан жері, жұмыс режимі, көрсетілетін медициналық қызметтер тізбесі, оларды көрсету шарттары, соның ішінде мамандардың біліктілігі туралы мәліметтерді қамтитын тегін, қолжетімді және шынайы ақпаратты ұсынуды қамтамасыз ету.

1.2. Емделуші міндетті:

1. Емхананың ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, сондай-ақ олармен бірге жүретін тұлғалар мен келушілердің сақтауын қамтамасыз етуге;

2. Шартта белгіленген мерзімдерде, бірақ қызметтен немесе оның бөлігінен бас тартқан жағдайда, Емхананы кемінде 24 (жиырма төрт) сағат бұрын уақтылы хабардар етуге;

3. Емхана медициналық қызметкерлерімен қарым-қатынаста құрмет пен әдеп сақтауға;

4. Ауруды диагностикалау мен емдеуге қажетті барлық ақпаратты медициналық персоналға хабарлауға, емдеуші дәрігердің және Емхана медициналық персоналының барлық нұсқаулары мен тағайындауларын бұлжытпай орындауға;

5. Емхана мүлкіне ұқыпты қарауға, медициналық көмек алу барысында медициналық персоналмен ынтымақтастықта болуға. Емделуші немесе оның бірге жүретін тұлғалары/келушілері мүлікке және/немесе жабдыққа (медициналық және/немесе медициналық емес мақсаттағы) зиян келтірген жағдайда, Емделуші оның құнын, сондай-ақ барлық шығындарды толық көлемде өтеуге;

6. Диагностика және/немесе емдеу процесі барысында өз денсаулық жағдайының өзгеруі туралы, сондай-ақ Емделушіге/айналадағы адамдарға қауіп төндіретін аурулардың пайда болуы немесе олар

туралы күдік туындаған жағдайда, Емхананы уақтылы хабардар ету; емдеуші дәрігерге өзін-өзі сезінудегі кез келген өзгерістер туралы хабарлау, өз денсаулығына зиян келтіруі мүмкін жағымсыз жағдайлар туралы дәрігерге дереу хабар беруге;

7. Емдеуші дәрігерге және қажет болған жағдайда Емхананың өзге де медицина қызметкерлеріне өзінің денсаулық жағдайын сипаттайтын ақпарат пен құжаттарды (бар болған жағдайда) ұсынуға, бұрын ауырған аурулары, аллергиялық реакциялары мен қарсы көрсетілімдерінің болуы туралы, сондай-ақ емдеу курсына тағайындау және Қызметтерді сапалы көрсету, денсаулыққа зиянды салдардың алдын алу үшін қажетті өзге де мәліметтерді хабарлауға міндетті. Емделуші аталған ақпаратты ұсынбаған немесе қызметтерді көрсетуге байланысты дұрыс емес, толық емес, жалған мәліметтерді, сондай-ақ Қызметтердің сапалы әрі қауіпсіз көрсетілуіне әсер ететін өзге де ақпаратты берген жағдайда, Емхана кез келген жауапкершіліктен босатылады.

8. Көрсетілетін қызметтердің сапасына, оның ішінде жүргізілген тексерулерге, мамандардың кеңесіне, емдеуге және өзге де қызметтерге қатысты шағымдар болған жағдайда, осы деректер туралы сол күні немесе келесі күні жазбаша түрде емдеуші дәрігерді және/немесе Емхана басшысын хабардар етуге;

9. Осы Шарттың қолданылу кезеңінде емдеуші дәрігердің тағайындауынсыз өз бетінше ем қабылдамауға;

10. Басқа емделушілердің құқықтарын бұзатын әрекеттерді жасамауға;

11. Емханада медициналық қызметтер алу кезеңінде өзін-өзі емдеумен айналыспауға, емші-балгерлердің, дәстүрлі емес медицина дәрігерлерінің, сондай-ақ басқа медициналық ұйым дәрігерлерінің ұсынымдарын орындамауға және ем қабылдамауға, өз әрекеттерін алдын ала Емхананың емдеуші дәрігерімен келіспей жүзеге асырмауға;

12. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

4. Тараптардың құқықтары

4.1. Емделуші құқылы:

1. Емханада жұмыс істейтін дәрігерлердің ішінен емдеуші дәрігерді таңдауға;

2. Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген диагностика, алдыналу және емдеу әдістеріне қойылатын талаптарға сәйкес білікті медициналық көмек алуға;

3. денсаулық жағдайы туралы ақпаратты қолжетімді түрде алуға, оның ішінде медициналық тексеру нәтижелері, диагноз және аурудың болжамы, медициналық көмек көрсету әдістері, олармен байланысты тәуекелдер, медициналық араласудың ықтимал түрлері, оның салдары және медициналық көмек көрсету нәтижелері туралы мәліметтерді алуға;

4. алдыналу, диагностика және емдеу барысында лайықты қарым-қатынасқа, өзінің мәдени және жеке құндылықтарына құрметпен қарауына;

5. ақпарат алуға (ұсынылатын және баламалы емдеу әдістерінің ықтимал қауіптері мен артықшылықтары туралы деректерді, емдеуден бас тартудың ықтимал салдары туралы мәліметтерді, диагнозы, болжамы және емдеу жоспары туралы Емделушіге түсінікті түрде берілетін ақпаратты), сондай-ақ өзінің денсаулық жағдайы туралы тәуелсіз пікір алуға және консилиум өткізуді талап етуге;

6. өз құқықтары мен міндеттері, көрсетілетін қызметтер, қызметтердің құны, тағайындалатын дәрілік препарат, өзіне медициналық қызмет көрсететін медицина қызметкерлері туралы ақпарат алуға;

7. біржақты тәртіппен қызметтерді алудан бас тартуға және шартты бұзудың болжамды күніне дейін 24 (жиырма төрт) сағаттан кешіктірмей Емхананы алдын ала жазбаша хабардар ету шартымен Шартты бұзуға құқылы. Қызметтерді одан әрі алудан бас тарту және оның ықтимал салдарын көрсете отырып, медициналық құжаттарға жазба енгізу арқылы рәсімделеді және оған Емделуші немесе оның заңды өкілі және Емхананың құзыретті медицина қызметкері қол қояды.

8. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды іске асыруға құқығы бар.

4.2. Емхана құқылы:

1. Емделушіге қызмет көрсетуден бас тартуға не емдеуді мерзімінен бұрын тоқтатуға және Шартты біржақты тәртіппен бұзуға мына жағдайлардың кез келгенінде құқылы: Емделуші немесе оны ертіп жүрен тұлғалар Емхананың ішкі тәртіп қағидаларын бұзғанда; Емделуші немесе оны ертіп жүрен тұлғалар Емхананың медициналық персоналына дөрекі әрі құрметсіз қарым-қатынас жасағанда; Емделуші немесе оны ертіп жүрен тұлғалар Емхананың мүлкін ұқыпсыз немесе дөрекі пайдаланғанда; сондай-ақ Емделуші дәрігердің нұсқамаларын орындамаған жағдайда.

2. қажет болған жағдайда және Емделушінің алдын ала келісімінсіз Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін үшінші тұлғаларды (кез келген бейіндегі бөгде мамандарды, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтай отырып кеңесшілерді (оның ішінде қашықтықтан режимде) тартуға;

3. Емделушіден бейінді емес аурулар (инфекциялардың жекелеген түрлері, венерологиялық

аурулар, туберкулез, психикалық аурулар және т.б.) анықталған жағдайда медициналық қызметтер көрсетуден бас тартуға, осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға және Емделушіні бейінді медициналық ұйымға жіберуге;

4. Емделуші таңдаған дәрігердің қызмет көрсету мүмкіндігі болмаған жағдайда емдеуші дәрігерді ауыстыруға (демалыс, іссапарда, ауруханада болу және т. б.);

5. Емделушінің дербес деректерін жинауды, өңдеуді және пайдалануды жүзеге асыруға, оларды өзінің дерекқорына (оның ішінде медициналық) енгізуге, сондай-ақ қойылған диагноз, жүргізілетін тексеру, емдеу және оның нәтижелері туралы мәліметтерді енгізуге, көрсетілген деректерді Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімдер ішінде сақтауға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы мәліметтерді алуға құқығы бар органдар мен тұлғалардың сұрау салуы бойынша көрсетуге (ашу), сондай-ақ Келісім бойынша Қызметтерді көрсету үшін Жеткізуші тартатын үшінші тұлғаларға осы мәліметтерді ашуға;

6. Қызметтерді көрсету процесін оқу мақсаттары үшін, медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру үшін Емделушінің алдын ала жазбаша келісімі болған жағдайда тікелей аудио және бейнежазбаға түсіруге;

7. алдыналу, диагностика және емдеу процесінде Емхана медициналық және өзге де персоналы тарапынан лайықты қарым-қатынасқа, сондай-ақ өзінің мәдени және жеке құндылықтарына құрметпен қарауға;

8. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы жағдайында барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Дауды келіссөздер арқылы реттеу мүмкін болмаған жағдайда, дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қаралуға жатады.

5.2. Емделуші, оны алып жүретін тұлғалар Емханаға келген кезде қалдырылған құнды заттары үшін Емхана жауапты болмайды. Емделуші, онымен бірге жүрген тұлғалардың Емхана ішінде қалдырылған барлық заттары Емханаға жүгінген жағдайда мүмкіндігінше Емделушіге қайтарылатын болады, бұл ретте Емхана олардың сақталуын қамтамасыз ету жөнінде қандай да бір жауапкершілікте болмайды.

5.3. Емхана мына жағдайларда жауапкершілікте болмайды:

1.Емделуші үшінші тұлғалардан сатып алған шығыс материалдары мен дәрілік препараттардың сапасы үшін және оларды қолдану салдары үшін;

2.Емделушіде бар, бірақ Емделуші немесе оның өкілі оларды көрсетпеу (хабарламаған) себебінен Емхана қызмет көрсету кезінде ескерілмеген аурулардың болуына байланысты туындаған кез келген теріс салдарлар үшін;

3.Емдеуші дәрігердің нұсқаулары мен ұсынымдарын Емделуші бұзғаны немесе орындамағаны үшін;

4.Емделуші көрсетілген препараттарға не материалдарға аллергиясының бар екендігі туралы Емхананы алдын ала хабардар еткен жағдайларды қоспағанда, Емделушіге Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген препараттарға, вакциналарға не материалдарға аллергиялық реакцияның не жеке төзбеушіліктің туындағаны үшін;

5.Қызметтер көрсету кезінде немесе одан кейін Емделушінің денсаулық жағдайында дәрілік препараттардың ағзаға әсер етуіне байланысты қандай да бір өзгерістер туындаған жағдайда (препараттың жанама әсері);

6.Емделушінің бастамасы бойынша Шарт шеңберінде Қызметтерді көрсетуді мерзімінен бұрын тоқтату, не болмаса Шартта көзделген жағдайларда Емхананың бастамасы бойынша Қызметтерді көрсетуді мерзімінен бұрын тоқтату жағдайында;

7.Емделуші Емхана ұсынған емдеу әдісінен өзгеше нақты емдеу әдісін талап етіп, кез келген жағымсыз салдар үшін жауапкершілікті өзіне алуға келісімін білдірген жағдайда.

8.Емделушінің денсаулық жағдайы нашарлаған жағдайда, егер ол көрсетілетін Қызметтермен байланысты болмаса, не болмаса нашарлау Емделушіге бұған дейін түсіндірілген және ол барлық салдарымен келісіп, танысқан тәуекелдерге байланысты туындаған жағдайда;

9.Емханаға ешқандай шарттық құқықтық қатынастармен байланысы жоқ үшінші тұлғалардың (Емханадан тыс) Емделушіге медициналық қызметтер көрсетуіне байланысты туындаған кез келген теріс салдарлар үшін, сондай-ақ Емхананың емдеуші дәрігері тағайындамаған (өз бетінше) Емделуші қабылдаған дәрілік препараттар не ББҚ-ны қабылдаудан болатын салдарлар үшін.

6. Форс-мажор жағдайлары

6.1. Егер еңсерілмейтін күш жағдайларының (форс-мажорлық жағдайлардың) туындауы немесе әсер етуі нәтижесінде Шарт талаптары орындалмаса Тараптар жауапты болмайды.

6.2. Егер шартты орындаудағы кідіріс форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесінен болса, онда Емхана Шарт талаптарының орындалмауына байланысты оны бұзу үшін жауапты болмайды.

6.3. Шарттың мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді.

7. Шартты өзгерту және бұзу

7.1. Осы Шарттың талаптары Емхана тарапынан біржақты тәртіппен кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін. Шартқа енгізілген өзгерістер Емхананың интернет-сайтында жарияланады. Өзгерістерді Емхана өз интернет-сайтында оларды жариялаған сәттен бастап 30 (отыз) күн өткен соң күшіне енеді. Емделуші Шарттың өзекті нұсқасын қадағалауға өзі жауапты болады.

8. Жеке деректер

8.1. Осы Шартты келісу арқылы Емделуші Емханаға өзінің жеке деректерін жинауға, өңдеуге, жүйелеуге, жинақтауға, сақтауға, нақтылауға (жаңарту, өзгерту), сұрыптауға, пайдалануға, иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға келісім береді. Емхана тек Емделуші өз еркімен берген жеке деректерді ғана жинайды. Емделушіге жеке деректер медициналық қызметтер көрсетілу барысында ұсынылады.

8.2. Емхана Емделушінің жеке деректерін жеткілікті құқықтық негіздерсіз өңдеуге құқығы жоқ, сондықтан Емхана ақпаратты тек келесі мақсаттар үшін ғана өңдейді:

1. Емделушінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), оның ұялы телефоны, тіркелу және тұратын мекенжайы — Емделушіні медициналық қызметтерді алушы ретінде сәйкестендіру, оны Емхананың деректер базасында тіркеу, дәрігерге қабылдауға жазу және медициналық қызметтер көрсету үшін.

2. талдаулар мен өзге де зерттеулердің нәтижелерін жіберу үшін - ұялы телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы.

3. Емхана қызметтерінің сапасын жақсарту, сондай-ақ Емделушімен өзара іс-қимыл жасау мақсатында аудит жүргізу, оқыту, деректерді талдау және түрлі зерттеулер жүргізу сияқты ішкі мақсаттар үшін Емделушілердің дербес деректерін пайдалана алады.

4. дұрыс медициналық қызмет көрсету үшін – қойылған диагноз, жүргізілген тексеру, емдеу және оның нәтижелері туралы мәліметтер.

5. даулы жағдайларды шешу мақсаттары, қызмет көрсету сапасын жақсарту процесі, сондай-ақ оқу мақсаттары үшін Емделушінің Емханаға барғанын аудио және/немесе бейнебақылауға түсіру;

8.3. Осы Шартта және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, пациенттің дербес деректері қандай да бір үшінші тұлғаларға берілмейді.

8.4. Емхана Емделушіге қызмет көрсету үшін Емхана тартатын үшінші тұлғаларға, сондай-ақ Емхана персоналына консультативтік көмек көрсету үшін тартылған дәрігерлерге Емделушінің дербес деректерін беруге келісім береді, бұл ретте мұндай тұлғалар алынған деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету міндеттемесін қабылдауы тиіс. Мұндай үшінші тұлғалар, олардың қай елде орналасқанына қарамастан, Емделуші туралы ақпараттарды қорғауға міндетті болады.

8.5. Емхана заңнамаға сәйкес, сот тәртібімен, сот ісін қарау барысында және/немесе мемлекеттік органдардың сұрауы бойынша (ел аумағында немесе одан тыс жерлерде қызмет көрсету аумағында) Емделушінің дербес деректерін ашуға мәжбүрлі болуы мүмкін. Емханалар, егер мұндай ашу құқықтық тәртіпті немесе өзге де қоғамдық маңызды жағдайларды сақтау мақсатында қажет немесе орынды екенін анықтаса, Емделушінің дербес деректерін де аша алады. Емхана өз қызметін немесе Емделушілерінің қауіпсіздігін қорғау мақсатында қажет деп есептесе, жеке деректерді жариялай алады. Сонымен қатар, қайта ұйымдастыру, бірігу немесе сату жағдайында Емхана жинайтын жеке ақпараттың кез келгенін немесе толық көлемін тиісті үшінші тұлғаға бере алады.

8.6. Емделуші Емханада көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын жақсарту мақсатында Емделушіге тиісті қызмет көрсетуді қамтамасыз ету, тексеруге қатысу, консультация беру, емдеу тактикасын талқылау немесе өзге де қажетті мәселелерді шешу үшін үшінші тұлғаларды тартуға құқылы екендігімен келіседі және осыған байланысты Емделушіге қызмет көрсету кезінде үшінші тұлғалардың осындай қатысуына келісім береді. Емделушіге (пациентке) Қызмет көрсету процесінде Емхана тарапынан аудио және бейнежазба жүргізілуі мүмкін екені туралы хабарланды. Мұндай аудио және бейнежазба Емделушінің алдын ала келісімімен ғана жүзеге асырылады және тек оқу мақсаттарында, Емхана мамандарының біліктілігін арттыру, оқыту және медициналық қызметтердің сапасын жақсарту үшін қолданылады.

9. Даулар мен жанжалдарды шешу тәртібі

- 9.1. Тараптар осы Шарттан туындайтын барлық дауларды, келіспеушіліктерді немесе талаптарды ең алдымен келіссөздер арқылы шешуге міндеттенеді.
- 9.2. Өзара келісімге қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.
- 9.3. Осы Шартта көзделмеген барлық мәселелер бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

10. Қорытынды ережелер

- 10.1. Осы Шартты қабылдай отырып, Емделуші Қазақстан Республикасының аумағында медициналық көмекті алу тәртібі туралы, сондай-ақ кепілдік берілген тегін медициналық көмек көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмекті алу мүмкіндігі туралы (егер мұндай мүмкіндік аурудың ерекшелігіне қарай көзделген болса) хабардар екенін растайды.
- 10.2. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі. Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін үшінші тұлғаға беруге құқылы емес. Емхана Шарт бойынша Қызметтерді көрсету барысында үшінші тұлғаларды тартуы, үшінші тұлғаларға осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттемелерді беру болып саналмайды.
- 10.3. Осы Шарт Емделуші келіскен күннен бастап күшіне енеді және Тараптардың осы Шарт бойынша барлық міндеттемелері толық орындалғанға дейін қолданылады.